

Қолжазба құқығында

Рахимов Н.Б.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тілдің конституциялық-құқықтық  
мәртебесі: теориялық және практикалық аспектілері

Монография

**УДК 342.4**  
**ББК 67.400**

**Рецензенттер:**

**Г.Х. Жұмабекова** – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Аппаратының Заңнама бөлімі меңгерушісінің орынбасары, заң ғылымдарының кандидаты;

**Г.А. Ильясова** – Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының профессор-зерттеушісі, заң ғылымдарының кандидаты, профессор.

**Автор:**

**Н.Б. Рахимов** – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы Кәсіптік оқыту институтының жаһандық қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл бойынша арнайы дайындық кафедрасының доценті, әділет кеңесшісі, заң ғылымдарының магистрі.

**Н.Б. Рахимов**

**Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тілдің конституциялық-құқықтық мәртебесі: теориялық және практикалық аспектілері: монография** - 2023. - 83 бет.

Монографияда Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тілдің заңдық мәртебесінің қалыптасуы мен дамуы, қазіргі жай-күйі мен ерекшеліктері, оның қолданысын құқықтық реттеудегі кейбір өзекті мәселелер талданды.

Ғылыми жұмыс барысында тіл қолданысын заңдық реттеуде кездесетін негізгі теориялық мәселелердің бірі – «мемлекеттік тіл» және «ресми тіл» ұғымдарының ара қатынасы ашылды.

Тіл саясатының отандық және шетелдік тәжірибесінің маңызды тұстары зерделеніп, мемлекеттік тіл ұғымының ғылыми анықтамасы ұсынылды.

Қазақ тілінің құқықтық мәртебесінің қалыптасуы кеңес дәуірінен бастау алғандығы, оның алғашқы кезеңі ана тіліміздің қоғамдық қызметтерін дамыту үшін қолайлы болғандығы жөнінде тұжырымдар жасалды.

Қазіргі уақытта мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтіп, конституциялық-құқықтық мәртебесін шынайы іске асыруға бағытталған теориялық және практикалық маңызы бар ұсыныстар әзірленді.

Жоғарғы оқу орындарының білім алушыларына, профессорлық-оқытушылық құрамына, мемлекеттік қызметшілерге және қазақ тілінің құқықтық жағдайын зерттеумен айналысатын ізденушілерге арналған.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе .....	4
1-бөлім. Мемлекеттік тіл: түсінігі, мәні және заңдық мәртебесінің ерекшелігі	
1.1. Елдің саяси-құқықтық өміріндегі мемлекеттік тілдің алатын орны мен маңызы .....	6
1.2. Мемлекеттік тілдің түсінігі және мәні .....	13
1.3. Мемлекеттік тіл және ресми тіл ұғымдарының ара қатынасы .....	26
2-бөлім. Қазақ тілінің құқықтық мәртебесінің қалыптасуы мен дамуы	
2.1. Тәуелсіздік алғанға дейінгі кезеңдегі қазақ тілінің құқықтық жағдайы ..	31
2.2. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тілдің конституциялық құқықтық мәртебесі .....	60
2.3. Мемлекеттік тіл қолданысының кейбір құқықтық мәселелері .....	67
Қорытынды .....	78
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі .....	80

## КІРІСПЕ

Қазақ тілі – түркі тілдері арасында сөйлеушісінің саны жағынан кең тараған, ақпараттық және коммуникативтік қабілеті жоғары, сөздік қоры бай әрі дамыған тілдердің бірі. ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясының профессоры Н.Ақуевтің тіл мәселесіне арналған «дөңгелек үстелдердің» бірінде берген мәліметіне сәйкес, қазақ тілі оны қолданушы адамдардың саны жөнінен әлемдегі 1800 тілдің ішінде 80-ші орынды иеленеді екен<sup>1</sup>. Оның абыройын халқымыздың шежіресінен ойып тұрып орын алған атақты ақын-жазушыларымыздың рухты өлеңдері, қара қылды қақ жара отырып әділ билік айтқан әйгілі би-шешендеріміздің тапқыр әрі өткір сөздері, Абай, Ыбырай, Шәкәрім, басқа ойшылдарымыз бен ағартушыларымыздың шығармалары, бертін келе қазақ зиялыларының ел мүддесі үшін тынымсыз күрес жолында жазып қалдырған туындылары биік дәрежеге көтерді.

Туған халқы мен жеріне деген сүйіспеншілік әр адамның өз ана тіліне құрметпен қарауынан басталғандығын ұлтжанды ғалымдарымыз, жазушыларымыз әрқашан насихаттап келген. Ана тілінің құндылығы, оны білмеудің, сыйламаудың зияны туралы қазақ халқының ардақты жазушысы Ғ.Мүсірепов өз ойын былайша түйген: «Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді». Мұндай пікірдің астарында әр ұлт өкілінің ең алдымен өз ана тілінің қуатынан нәр алып, төл мәдениетінің жетістіктерін барынша игеру керектігі туралы үлкен өнегелік мән жатыр.

Қазақстан егемендік алғанға дейін ана тіліміз өз жерінде шектеліп, қолданыс аясы тұрмыс, той-думан саласынан әрі аса алмағаны баршаға аян. Ұлт өмірінің басты өзегі мен рухани дінгегі саналатын төл тіліміздің жарқын күні тәуелсіздікпен бірге қайта туды. Оның мәртебесін мемлекеттік дәрежеге көтеріп, қолданыс аясын заңнамалық реттеудің кең мүмкіндіктері ашылды. Осыған байланысты, қазақ тілінің қоғам өмірінің ресми салаларындағы қолданылуы заң ғылымының да жеке зерттеу мәселесіне айналды.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін толық іске асыру – жүйелі әрі жан-жақты ойластырылған шаралар қабылдауды қажет ететін күрделі міндет. Оны орындау тіл қолданысын терең зерттеу нәтижесінде әзірленген ғылыми тұжырымдарға негізделуі керек. Бұл бағытта аз қарастырылған мәселелердің бірі – қазақ тілінің конституциялық-құқықтық мәртебесі, оның қолданысын заңдық реттеудің кешегі және бүгінгі тәжірибесі, осы салада туындайтын теориялық және практикалық мәселелер.

Отандық заң ғылымында қазақ тілінің құқықтық мәртебесі – аз зерттелген тақырыптардың бірі, оған арналған іргелі әрі көлемді еңбектер некен саяқ. Бұл бағыттағы қадамдар көбінесе публицистік деңгеймен шектеліп, бірқатар мемлекет және қоғам қайраткерлерінің баспасөз беттерінде білдірген ой-пікірлерінен көрініп отырады.

---

<sup>1</sup> Казахстанская правда. 28 мая. 2005 г.

Осы жұмыста мемлекеттік тіл ұғымының ерекшеліктері жан-жақты талданып, оның ресми тілмен ара қатынасы ашып көрсетілді. Сонымен қатар, Қазақстандағы тілдер қолданысын құқықтық реттеу тәжірибесінің оң және теріс тұстары айқындалып, осы саладағы қазіргі кейбір проблемалық сұрақтар қаралып, оларды шешудің нақты жолдары ұсынылды.

Монографияны Қазақстандағы тілдер қолданысын тиімді реттеуге бағытталған ұйымдық-құқықтық шаралар дайындауда пайдалануға болады деген сенімдеміз.